

бар», -деген пікір бөліскен. Алайда ядрлық энергетиканың да өзіндік кемшіліктері бар, бұл экологияға және адам денсаулығына әсері, қандай-да қауіпсіздік шаралары қолданылса да адамзат тарихында атом электр станицясының бір емес бірнеше рет істен шығып адамдарға зардабы, сонымен қатар алғашқы салу құнының жоғарылығы жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Nuclear Weapons: Who Has What at a Glance // <https://www.armscontrol.org/factsheets/Nuclearweaponswhohaswhat>
- 2 Абишев М. Международное антиядерное движение «Невада – Семипалатинск» // hirosima.scepsis.ru/movement/mov_2.html
- 3 Назарбаев Н. На пороге XXI века. – Алматы: Онер, 1996. – 286 с.
- 4 Ретивых А. Испытание независимостью. – Алматы, 2004. – 130 с.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖАҒДАЙЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Кенжеғали Ж.М., PhD, қауымдастырылған профессор,
Абдикаликов А.Ф., магистрант**
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Климаттың өзгеруі жағдайында кейін азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесі мен ауыл шаруашылығын жүргізу механизмдері бүгінгі күні өзгерістерді қажет етуде. Ауа температурасының көтерілуі, жауын-шашынның өзгермелі жағдайындағы ауа ылғалдылығындағы өзгерістер, ауа-райының тұрақсыз сипаты және зиянкестер мен аурулардың таралуы климаттың өзгеруінің нәтижесі болып табылады және ауыл шаруашылығының өнімділігіне үлкен қауіп төндіреді, соның салдарынан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсерін тигізеді. Сонымен қатар, әлем халқының саны тұрақты өсуде және 2050 жылға қарай 9,6 миллиардқа жетеді деп күтілуде. Өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы мен

азық-түлік жүйесі климаттың өзгеруінің жағымсыз әсеріне бейімделіп, төзімді және өнімді болуы керек [1].

2012 жылдың қазан айында Римде климаттың өзгеруі жағдайында әлемдік азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған халықаралық ұйымның-азық-түлік қауіпсіздігі комитетінің 39-шы сессиясы өтті. Жоғары деңгейдегі сарапшылар тобының есебінде климаттың өзгеруіне бейімделу шаралары бойынша негізгі қорытындылар мен ұсыныстар берілген болатын.

Осы орайда әлемнің өсіп келе жатқан халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету және экономикалық өсу мен қазіргі тұрақты дамудың негізінің бірі кедейлікті азайтуға негіз құру үшін ауыл шаруашылығында түбегейлі өзгерістер қажет. Бұл тапсырманың күрделілігі климаттың өзгеруімен қиындай түседі. Ауа райының күрт өзгеруі құбылыстарының көбеюі және ауа-райының алдын-ала болжанбауы ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді, бұл осал аудандарда өнімділік пен кірістің төмендеуіне әкеледі.

Ондон Кристианның «Продовольственная безопасность и изменение климата» мақаласында «Аштықтың салдарын басқаларға қарағанда көбірек сезінетін және басқаларға қарағанда көбірек зардап шегетін аймақтар - Африка, Оңтүстік және Орталық Америка және Азияның оңтүстік бөлігі болып табылады. Әлемдегі климаттық апаттарға ұшыраған кедей аймақтар да қауіп-қатерге ұшырайды, себебі табиғи апаттар әсерінен кейін азық-түлік дағдарысы туындайтындығы сөзсіз. Табиғи апаттар жиі орын алған жағдайда аштыққа ұшыраған адамдар саны да арта түсуі мүмкін» – деген тұжырым келтіреді [2, с.206].

Қазіргі әлемдегі өрт, шөлейттену, су ресурстарының жеткіліксіздігі, сумен байланысты апатты жағдайлар және т.б. салдарынан әлем аймақтарынан орасан зор шығындар азық-түлік қауіпсіздігінің туындауына себеп болып отыр.

Кейбір мәліметтерге жүгінсек «500 миллионға жуық адам топырақ эрозиясына ұшыраған жерлерде өмір сүреді және азық-түліктің 30 пайызы ысырап болады» [3]. Сонымен қатар, климаттың өзгеруіне байланысты ауызсу мен ауыл шаруашылығына пайдаланылатын су қорының көлемінің төмендеуі, сондай -ақ судың сапасының нашарлауы байқалады.

Көптеген аймақтарда ғасырлар бойы гүлденген дақылдардың аман қалу ықтималдығы азайып бара жатыр сондықтан азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайы тұрақсыз болып келеді. Мұндай салдар,

әдетте, ең алдымен халықтың кедей және осал топтарына әсер етеді. Жаһандық жылыну әлемдегі ең бай және кедей елдер арасындағы экономикалық өсу көрсеткіштеріндегі алшақтықтың артуына әкелуі мүмкін.

«Төтенше климаттық және ауа райы құбылыстарымен байланысты апаттар жер бетіне ежелден келе жатыр. Алайда, жаһандық жылыну күшейген сайын, олар жиі және жойқын бола бастайды. Қазіргі уақытта табиғи апаттардың 90 пайызы ауа-райы мен климатқа байланысты деп жіктеледі және олардың әлемдік экономикаға тигізетін зияны жылына 520 миллиард долларға бағаланады, нәтижесінде 26 миллион адам кедейлікке ұшырайды. Климаттың өзгеруі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіреді. Климаттың өзгеруінің салдары жер, азық-түлік және су сияқты ресурстар үшін қатал бәсекелестікте және әлеуметтік-экономикалық шиеленістің жоғарылауында, сондай-ақ халықтың жаппай көшуіне әкеледі. Африка мен Латын Америкасындағы саяси толқулар мен зорлық-зомбылықтың тікелей себебі құрғақшылық болып табылады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, 2050 жылға қарай Сахараның шығысындағы Африка елдері, Латын Америкасы және Оңтүстік Азия елдерінде 140 миллионнан астам адам өз аймақтарынан қоныс аударуға мәжбүр болады» [3].

Климаттың өзгеруі сонымен қатар тұтынушылардың, әсіресе кедейлердің сатып алу қабілетіне әсер ете отырып, азық-түлікке қол жетімділікті нашарлатады. Өндіріске әсер ету әр түрлі әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеледі, нәтижесінде ауылшаруашылық кірістері мен бағалары, сондай-ақ сауда құрылымы мен инвестициялық тенденциялар өзгеруі мүмкін.

Климаттың өзгеруі азық-түлік тұтынудың өзгеруіне әкеледі, әсіресе азық-түлік қауіпсіздігі мен адам денсаулығына қатысты. Тұтастай алғанда, климаттың өзгеруі азық-түлік қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі мүмкін және тағамдық аурулардың жиілігін арттыруы мүмкін. Климат денсаулыққа әр түрлі факторлар арқылы әсер етеді, соның ішінде трансмиссивті аурулар географиясының өзгеруі, жылу күйзелісі және табиғи апаттар, бұл өз кезегінде адамдардың тамақтануы мен олардың күтім жасау қабілетіне, сондай-ақ тағам құрамындағы қоректік заттарға әсер етеді. Сонымен қоса климаттың өзгеруінің азық-түлік өндіру жүйелері мен тауар өткізу тізбектеріне әсер ету нәтижелерінің бірі өндірістік-өткізу тізбегінің барлық буындарында тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің

кешенді бағдарламаларына қажеттілік болып табылады. Мысалы, балдырлардың гүлдену ерекшеліктерінің өзгеруі жаңа елдердің сигуат балықтарымен улану қауіпін (тамақтан болатын ауыр ауру) тудыруы мүмкін. Температура мен ылғалдылықтың жоғарылауы зен саңырауқұлақтарының өсу қауіпін және сәйкесінше дәнді және бұршақ дақылдарының қоймаларында орналасқан микотоксиндермен (саңырауқұлақ метаболиттері) ластану қауіпін арттырады. Климаттың өзгеруі өсімдіктер мен жануарлар аурулары сипатындағы күтпеген өзгерістерге әкеледі, бұл осы аурулармен күресу үшін агрохимикаттарды шамадан тыс немесе тиісінше қолданбау қауіпін арттырады. Осы проблемаларды шешу үшін өндірістік-өткізу тізбегінің барлық буындарында тиісті озық әдістер мен технологияларды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет [4, с.31].

Климаттың өзгеруінің азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін қарастыруда биофизикалық және әлеуметтік осалдықтың аспектілері маңызды болып табылады. Осалдықтың әлеуметтік аспектілерін зерделеу кезінде халықтың демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да сипаттамалары қарастырылады, бұл олардың қауіп-қатерге ұшырауын және олардың жағымсыз күйзелістерді жеңу қабілетін анықтайды. Сондықтан кейбір географиялық аймақтағы адамдар, үй шаруашылықтары немесе қауымдастықтар әртүрлі қауіп-қатерлерге тап болатынын түсіну үшін әлеуметтік осалдық аспектісін зерттеу өте маңызды [2].

Климаттың өзгеруі азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан осалдыққа, ең алдымен, дақылдарға, малға және ауылшаруашылық жүйелерінің өнімділігіне биофизикалық әсер ету арқылы әсер етеді. Температура мен жауын-шашынның орташа өсу көрсеткіштерінің өзгеруі азық-түлік өндірісінің орташа көлемінің өзгеруіне және ауытқуына әкеледі, бұл өз кезегінде азық-түлік өндірушілердің кірістеріне және ауылдық аудандар мен қалалардағы тұтынушылардың азық-түлік сатып алушылардың сатып алу қабілетіне әсер етеді. Климаттың тұрақсыздығының күтілетін өсуі ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің тұрақсыздығының өсуіне және бағалар мен кірістердің ауытқуының өсуіне әкеледі.

ДСҰ, ЕАЭО-ға мүшелік жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясаты мен Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастығы қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайларда жүзеге асуда. Сонымен бірге бір мемлекеттердің екіншілеріне санкциялар алып, оның салдарының азық-түлік қауіпсіздігіне тигізіп

отырғандығы анық байқалады. Осы себептер мемлекеттердің ауыл шаруашылығына, шаруа қожалықтарына зардаптар әкеле отырып салдарынан азық-түлік қауіпсіздігіне нұсқан әкелері сөзсіз [5, с.102].

Сонымен қатар, климаттың өзгеруі азық -түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу міндетін одан әрі қиындатады, бірақ әлемдік азық-түлік саудасы климаттың өзгеруі құбылысына тап болған әлемде маңызды рөл атқаруға мәжбүр болатыны анық. Азық -түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасын қамтитын және азық -түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін әлемдік сауда режимін қалыптастыруға жәрдемдесу. Азық-түлік қауіпсіздігіне нұсқан келтірмейтін, эмиссиясы төмен ауылшаруашылық стратегиясын әзірлеу. Осы маңызды мәселелердің барлығын болашақта ауылшаруашылығы саудасы бойынша кез келген келіссөздерге қосу дұрыс қадам болар еді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, климаттың өзгеруінің азық-түлік қауіпсіздігіне теріс салдары бірқатар аймақтарда қазірдің өзінде айқын көрініс беріп отырғандығы және барлық аймақтарда мүмкін болатын болашақ жағымсызсалдарының болуы мүмкін деп болжам жасауға негіз бар. Бұл үшін мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік тәуелсіздігі, аштық және тұрақты даму мәселелерімен айналысатын азаматтық қоғам ұйымдарының қызметі негізінде қадағалануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Климат изменяется, а вместе с ним изменяются продовольствие и сельское хозяйство [ЭР]. Режим доступа: <http://www.fao.org/zhc/detail-events/ru/c/413837/>

2 Ондон Кристиан. Продовольственная безопасность и изменение климата //Известия Санкт-Петербургского государственного аграрного университета. – 2016. – № 42. – С. 205-210.

3 Борьба с изменением климата – гонка, из которой мы все еще можем выйти победителями [ЭР]. Режим доступа: <https://www.un.org/ru/un75/climate-crisis-race-we-can-win#:~:text=Глобальное%20потепление%20сказывается%20на%20продовольственной,продовольствия%20теряется%20или%20выбрасывается%20впустую>

4 Стратегия ФАО в отношении изменения климата // Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН. – Рим, 2017. – 52 с.

5 Абзалбек М.С. Мировой опыт обеспечения продовольственной безопасности и его использование в Казахстане // Московский экономический журнал. – 2017. – №1. – С.101-108.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖҰМСАҚ КҮШТІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Нұралиева Ж.Ж., магистрант

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор **Г.М. Смагулова**
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Ғылыми-техникалық прогресс, ғаламдық Интернеттің пайда болуы және биполяр әлем тәртібінің ыдырауы әлемді екіге бөлуді қамтамасыз етті, жаһандану процесі жылдам қарқынмен дами бастады: халықтың, капиталдың, тауарлар мен қызметтердің көші-қоны, ақпарат беру жаһандық ауқымда мүмкін болды. Жаһанданудың белсенді дамып келе жатқан процесі халықаралық қатынастардың бірқатар жаңа акторларының әлемдік саяси процестерге тартылуына әкелді. Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін қалыптасқан әлемдік тәртіпте аймақтық державалар, дамушы елдер, сондай-ақ дәстүрлі емес акторлар - үкіметаралық ұйымдар (АҰҰ), үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ), трансұлттық корпорациялар (ТҰК) өз ықпалын арттыра бастады. Бұл халықаралық қатынастардың акторлары дәстүрлі сыртқы саясат ресурстарын пайдалануда шектеулі немесе мұндай ресурстарға ие емес. Осыған байланысты олар үшін «жұмсақ күш» үлкен маңызға ие, оның құралдарын қажетті әскери немесе экономикалық әлеуеті бар мемлекеттер қолдана алатын «қатты күшке» қарсы сыртқы саяси мақсаттарды іске асыруда тиімді пайдалануға болды.

«Сендіру және жағымды қабылдауды қалыптастыруға бағытталған белгілі бір салалардағы ынтымақтастық арқылы өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін басқа мемлекеттерге ықпал ету мүмкіндігі» деп анықталған жұмсақ күш халықаралық қатынастар мен жаһандық саяси процестерге әсер етудің толыққанды әдісіне